

**Ұлан ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 238 "Ұлан ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 2 шілдедегі № 280 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 шілдеде № 6065 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлан ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 238 "Ұлан ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5-17-186 нөмірмен тіркелген, 2018 жылғы 31 шілдедегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Ұлан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін Ұлан ауданының аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ұлан ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Хосчановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК